

**«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының негізгі қызметі бойынша
2022 жылы атқарылған жұмыстары бойынша
ЕСЕБІ:**

1. Мекеме жайында мәлімет

2. Кәсіпорын қызметінің мәні және мақсаттары:

Мұражай қызметінің мақсаты: құрамына кіретін тарих және мәдениеттің археологиялық ескерткіштерін тарихи қалпында және онымен байланысты аумақтарды қол тимеген түрде сақтау және ғылыми негізде қайта қалпына келтіру, мәнерлі ғылыми экспозициялардың түпнұсқалық мұражай жинақтары негізінде қозғалмайтын ескерткіштер жасау болып табылады. Өмірдің тарихы мен мәдениеті бойынша, білімді мақсатты бағытта беру жөніндегі ағартушылық-тәрбиелік қызмет.

Кәсіпорын «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 шілдедегі № 674 қаулысына сәйкес құрылды.

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» РМҚК–ның Жарғысы 2008 жылғы 28 тамызындағы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының № 546 бұйрығымен бекітілген

«Берел» қорық-мұражайы Шығыс Қазақстан обысы, Катонқарағай ауданы, Жамбыл ауылы, Сохатушка елді мекенінде орналасқан.

Байланыс телефондары: қабылдау бөлімі – 8(72342)2-95-29; директор – 8(72342)2-91-91; бас есепші – 8(72342)2-91-55; электрондық пошта – muz_berel@mail.ru; сайт – berel-museum.kz

Есеп беру кезеңінде кәсіпорын балансында бекітілген жылжымайтын мүлік объектілері:

30.11.2010 жылы 174,0 га. жер учаскесі көлемінде тұрақты жерді пайдалану құқығын беретін №0113753 Мемлекеттік Актісі алынды.

02.05.2013 жылы «Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» ММ-мен 12 га. жер учаскесін ұзақ мерзімді пайдалану шарты жасалып, шарт 02.05.2013 жылы ҚР ҚОҚМ Орман және аңшылық шаруашылық комитетінде және 25.06.2013 жылы Катонқарағай аудандық Әділет басқармасында тіркелді.

Осы жерде 2013 жылы екі тұрғын үй мен әкімшілік ғимараты салынды (1 сурет)




(1 сурет)

Мұражайдың жұмыс күндері және уақыты: дүйсенбі – жұма сағ: 09:00 – 18:00

«2022 жыл Қазақстандағы балалар жылына» орай, Ақпан – Наурыз айларында, «БЕДЕЛІ БАҒАЛАНҒАН - БЕРЕЛ» және «ТАС АСТЫНДАҒЫ ТЫЛСЫМ ҚҰПИЯЛАР» атты тақырыпта Катонқарағай ауданы бойынша орта мектеп және лицей білім ордаларында көшпелі көрме ұйымдастырды.

«2022 жыл Қазақстандағы балалар жылына» орай, Катонқарағай ауданы, Аршаты ауылындағы Аршаты орта мектебіне «Беделі бағаланған - Берел» атты тақырыпта тарихи-танымдық сабақ өткізіп, көшпелі көрме ұйымдастырды (2 сурет).



(2 сурет)

«Беделі бағаланған - Берел» атты Тәрбиелік маңызы зор сабақтың басты мақсаты: Берел қорғандарындағы қазба жұмыстарының барысы және одан табылған жәдігерлер мен «Берел музей-қорығының» даму тарихын оқушыларға кеңінен таныстырып, насихаттау болды. Аталған іс-шарада Тәуелсіздік жылдарындағы қазба жұмыстарының қаншалықты маңызды рөлге ие екендігі және тоң басқан тарихымызды зерттеуші ғалым – археологтар жайлы ақпараттармен таныстырылып өтілді (3 сурет).



(3 сурет)1

Катонқарағай ауданы, “Үлкен Нарын ауылдық лицейінің» 5-11 қазақ және орыс тілді сынып оқушыларына, «Берел – тарихи мекен» атты тақырыпта тарихи-танымдық сабақ өткізіп, көшпелі көрме ұйымдастырды (4 сурет).



(4 сурет)

Тәрбиелік маңызы зор сабақтың басты мақсаты: Берел қорғандарындағы қазба жұмыстарының барысы және одан табылған жәдігерлер мен «Берел музей-қорығының» даму тарихын оқушыларға кеңінен таныстырып, насихаттау; Өлкетану бойынша, өлкеміз куә болған, өткен дәуір ерекшеліктері мен әр дәуірге сай ескерткіштерді оқушыларға танытып, айқындау болды (5 сурет).



(5 сурет)

Катонқарағай ауданы, Жамбыл ауылындағы “Жамбыл орта мектебінің» 5-8 сынып оқушыларына, «Өткенмен өрілген - Берел» атты тақырыпта тарихи-танымдық сабақ өткізіп, көшпелі көрме ұйымдастырды (6 сурет).

Сабақтың басты мақсаты: Берел қорғандарындағы қазба жұмыстарының барысы және одан табылған жәдігерлер мен «Берел музей-қорығының» даму тарихын оқушыларға кеңінен таныстырып, насихаттау; Өз өлкеміздің тарихын тани отырып, өлкеміз куә болған, өткен дәуір ерекшеліктері мен әр дәуірге сай ескерткіштерді оқушыларға танытып, айқындау. Аталған тарихи-танымдық сабақта, «қазба жұмыстарының қаншалықты маңызды рөлге ие екендігі және тоң басқан тарихымызды зерттеуші ғалым – археологтар жайлы ақпараттармен таныстырылып өтілді.



(6 сурет)

21 ақпан - Халықаралық экскурсия жүргізуші күніне орай «Берел» мемлекеттік тарихи - мәдени музей - қорығының» экскурсия жетекшілері мен мәдениет және туризм саласындағы барлық экскурсия жетекшілерін құттықтай отырып, орта білім алушылар арасында Катон-Қарағай ауданындағы, «Садық Түкібаев атындағы Еңбек орта мектебі» КММ –де көшпелі көрме ұйымдастырып, жас саяхат жетекшілерге бұл қызметтің қызықты сәттері мен қиындықтары жөнінде мағлұматтар берілді (7 сурет).



(7 сурет)

1 Наурыз- Алғыс айту күніне орай, «Наурыз айы – балалар үшін басты мереке» қайырымдылық іс – шарасы ұйымдастырылды. Жағдайы орташа отбасылардың балаларына қайырымдылық көмек көрсетілді (8,9 сурет).



(8 сурет)



(9 сурет)

16 наурыз – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қос палатаның бірлескен отырысына қатысып, Қазақстан халқына Жолдау жасады. Президент бұл жолғы Жолдауында жақын арада жүзеге асырылатын саяси реформалар мен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы айтты. Мемлекет басшысының Жолдауын «Берел» мемлекеттік тарихи - мәдени музей-қорығы» ұжым болып тыңдап, алға қойған міндеттерге ден қойып, талдау жасалды (10 сурет).



(10 сурет).

Қайырымдылық жасасаң, Қайырын өзің көресің, — дейді қазақ халқы. Қайырымдылық - адамзат бойындағы ерекше бір қасиет болып саналады. Мейірімділік пен қамқорлық халқымызда ата - бабамыздан мирас болып келе жатқан асыл қасиетіміз.

Осы сияқты қайырымдылыққа толы іс-шараны «Берел» мемлекеттік тарихи - мәдени музей-қорығының музей қызметкерлері жылдағы дәстүр бойынша, «Наурыз – мейірім мен қайырымдылық мерекесі» аясында, «Игі істер» күніне орай, Катонқарағай ауылындағы мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға сыйлықтар беріп, алғыстарын алып қайтты (11 сурет).



(11 сурет)

«Ұлыстың ұлы күні қарсаңында, «Берел» мемлекеттік тарихи – мәдени музей – қорығы» ұжымы, «Катонқарағай ауылдық мәдениет үйінде», Қазақ халқымыздың салт-дәстүрлерін дәріптей отыра, ертеден келе жатқан «тұсау кесер» рәсімін өткізді (12 сурет).



(12 сурет)

«Ұлыстың ұлы күні» Наурыз мерекесі күні, Катонқарағай ауылдық орталық алаңында киіз үй тігіліп, «Алтын адам» атты көшпелі көрме ұйымдастырылды (13,14 сурет).



(13 сурет)



(14 сурет)

ҚР Білім және ғылым министрілігі Ғылым комитетінің Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институты, 2022 жылдың 12-14 сәуір аралығында Алматы қаласында “Марғұлан оқулары - 2022” халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын ұйымдастырды.

ҚР МСМ МК “Берел” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы” РМҚК директорының міндетін атқарушы Сарбасов Алмас Тлеужанұлы “Берел музей-қорығының 2018-2021 жж. жүргізген қазба жұмыстары” атты тақырыпта баяндама оқыды (15 сурет).

Баяндамашылар мен тыңдармандар “Берел” музей-қорығының 2018-2021 жылдарда жүргізген қазба жұмыстарымен танысты.



(15 сурет)

Берел мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қызметкерлері 18 сәуір - Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күніне орай, «Бабадан қалған-Тал бесік» атты тақырыпта көрме және музейшілік конференция ұйымдастырды. Музей аумағы мен қорғандардың айналасына тазалық жұмыстарын жүргізіп, көшеттер мен гүл егу жұмыстарына алдын ала дайындықтар жүргізді (16 сурет).



(16 сурет)

1945 жылдың 9 мамыры жұртшылық жадында біздің халқымыздың ерлік үлгісі, мұқалмас қажырлығы мен мызғымастығының символы болып келеді.

Ұлы жеңіске 77 жыл толуына орай, «Берел» музей – қорығы» қызметкерлері Жамбыл ауылдық округіне қарасты, Берел ауылының тұрғыны тыл еңбеккері – Райсов Мәнап атамызды мерекемен құттықтап, батасын алып қайтты (17 сурет).

Аға ұрпақ алып берген Жеңіс бүгінгі күні де бізді жетістіктерге жігерлендіреді, жанымызға қуат береді, қиындықтарды жеңіп, алға ұмтылуымызға көмектеседі.



(17 сурет)

15 мамырда бүкіл әлем жұртшылығы халықаралық отбасы күнін атап өтеді. Атаулы күн 1993 жылы БҰҰ – ның Бас ассамблеясымен бекітілген. Бала отбасының жылуын, қолдауын сезінгенде ғана бақытты болып ержететінін білеміз. «2022 жыл Қазақстандағы балалар жылы» қарсаңында, 15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай, келуші туристерге 14-20 мамыр аралығында тегін экскурсиялық қызметтер көрсетіліп, ертеден сыр шертетін қорғандар мен киіз үй көрмелерін тамашалап қайтуға мүмкіндіктер жасалды (18 сурет).



(18 сурет)

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей – қорығы» қызметкері, саяхат жетекшісі Р.С.Мұқатаев **18 мамыр – Халықаралық музейлер күні қарсаңында**, Ресей Федерациясындағы Алтай Республикасының А.В.Анохин атындағы Ұлттық музейімен ынтымақтастық туралы меморандум аясында, осы өңірдегі туристік және тарихи-мәдени индустриямен танысу, музей жетістіктерін насихаттау мақсатында, Алтай Республикасында іс - сапарда болып қайтты. Іс - сапар кезінде көптеген табиғи және тарихи орындарда болды: Чемаль трактаты, Помос аралы, Калбакташ петроглифтерінің қорық-мұражайы, Шу трактаты, гейзер көлі. Жергілікті тuroператорлармен, мұражайлармен, гидтермен, түрлі қолөнер шеберлерімен байланыс орнатылды. Өзге музейлердегі ерекшеліктермен танысып, жұмыс барысында қолдануға болатын тың тәжірибе жинақтап қайтты (19 сурет).



(19 сурет)

«21 Мамыр - Мәдениет және өнер қызметкерлері күні» қарсаңында, «Сейтқамза Ластаев атындағы орта мектеп» КММ-нің 9-10 сынып оқушыларына «Беделі бағаланған - Берел» атты тарихи - танымдық сабақ өткізілді (20 сурет).

Басты мақсат: Ежелгі көшпелілер өркениетінің алтын бесігі – Алтайдың биік таулы аңғарындағы, Берел аймағында орналасқан, "Берел" мемлекеттік тарихи-мәдени музей - қорығының" құрылу тарихы мен археологиялық қазба жұмыстарының маңыздылығын түсіндіру болды.

«Тоң басқан обалар кереметі» іс-әрекетінің негізінде оқушылардың бойында Берел қорғандарының тарихи тағдырына деген құрмет қалыптасты. Сабақ барысында белсенділік танытқан оқушыларға кәдесыйлар табысталды.



(20 сурет)

«2022 жыл Қазақстандағы балалар жылына» орай, 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында, «Берел» музей-қорығына» келуші бүлдіршіндер мен оқушылардың назарында - ертеден сыр шертетін жәдігерлер мен этнографиялық залдар болды (21 сурет). Оқушылардың көтеріңкі көңіл-күйде болуы үшін, музей аумағында «Алтыбақан» құрылды.



(21 сурет)

Катон-Қарағай ауданындағы 2017 Әскери бөлімінің шекарашы сарбаздары мен қызметкерлерін мәдени - ағартушылық бағытындағы қабылдау «Берел» музей - қорығында болды. Қазақстанның түпкір-түпкірінен жиналған Жас сарбаздарға өлке ерекшеліктері таныстырылып, өткен дәуірлер тарихынан сыр шертетін жәдігерлер көрсетілді (22 сурет).



(22 сурет)

«2022 жыл Қазақстандағы балалар жылына» орай, оқушылар мен студенттердің, ұстаздардың ғылыми жұмыспен айналысуына арнап қолайлы мүмкіндіктер жасалды. Конференция залына Ерте дәуірлер тарихы, орта ғасырлар тарихы және Берел қорғандары жайлы тың мәліметтерден жинақталған кітаптар көрмесі ұйымдастырылды (23 сурет). Бұл кітаптар көрмесі келуші туристердің барлығына дерлік қол жетімді болды.



(23 сурет)

Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылында өткен, «Алтайдай жер қайда?!» Халықаралық ақындар айтысында, «Берел» мемлекеттік тарихи - мәдени музей-қорығының» көшпелі көрмесі көрермен қауымның назарына ұсынылды. Көрмені тамашалаған қауым ерте және ортағасыр көшпенділерінің тарихы мен жәдігерлерінен ерекше әсер алды (24 сурет).



(24 сурет)

«Берел» мемлекеттік тарихи - мәдени музей-қорығында» 28 шілде күні **«Шілікті. Патшалар алқабының жауһарлары»** атты көрменің ашылу салтанаты болып өтті. Көрме шілде, тамыз, қыркүйек айларында тамашалауға ұсынылды. Көшпелі көрмеге «Облыстық тарихи-өлкетану мұражайының» қорынан, Тарбағатай тауының етегіндегі Шілікті және Елеке сазы қорымдарының қазба жұмыстарынан алынған төрт жүзден астам жәдігер қойылды. Көрмеде біздің дәуірімізге дейінгі VIII ғасырдағы Шілікті Бәйге төбе қорғанынан табылған Алтын адамның реконструкциясы басты орын алады. Қайта қалпына келтіріп, құру жұмыстарын археолог А.Т.Төлеубаев пен реставратор К.К.Алтымбековпен жүргізілді. Ашылу салтанатына «Берел» музей-қорығы»әкімшілігі және «Сарайшық» музей-қорығының» директоры, Қазақстанның әр өңірінен келген қонақтарымыз қатысты (25 сурет).



(25 сурет)

2022 жылғы 28 шілде күні ҚР МСМ МК «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК мен «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" РМҚК арасында өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары: Қазақстан археологиясының мәселелерін терең және жан-жақты зерттеуге бағытталған бірлескен бағдарламалар мен жобаларды даярлау; өзара қызығушылық білдіретін салалар бойынша жоғарғы білікті маман даярлау; тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау мен пайдаланудағы бірлескен жұмыстарды жүргізу. Меморандум шеңберіндегі өзара іс-қимыл бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге; ғылыми конференцияларға, семинарларға қатысуға, жарияланымдармен алмасуға бағытталады (26 сурет).



(26сурет)

Музейдің есеп және ғылыми-қор жұмысы бөлімі, профессор Зайнолла Самашевпен және Фицвильям музейінің (Кембридж, Ұлыбритания) ғылыми қызметкері доктор Ребекка Робертспен бірлесіп, 2022 жылы Шу ескерткіштерінен табылған (Аққайнар ауылы) археологиялық олжаларға зертханалық жұмыс жүргізді. Қор сақтаушы Ерланова Жанат шетелдік мамандардан қысқа мерзімді тәжірибеден өтті (27 сурет).

Қазіргі уақытта музей қоры археологиялық экспедициялардың жаңа жәдігерлерімен толықтырылуда.



(27 сурет)

Қазақстан Республикасы Премьер – министрінің орынбасары Ералы Лұқпанұлы Тоғжанов «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей – қорығына» тамыз айында ат басын тіреді. Музей – қорықтағы жәдігерлерді және қорғандар орналасқан «Патшалар жазығын» тамашалады (28 сурет). Музей – қорықтың қызметімен танысып, музей ұжымына сәттілік тіледі.



(28 сурет)

ШҚО, Өскемен қаласы «Ертіс концерт» орталық мәдениет үйінде 09.09.2022 ж. өткен «Алтай түркі әлемінің алтын бесігі» атты халықаралық конференциясына б.з.д IV-I ғасырларға тиесілі артефактілерінен көрме апарылып, конференцияның негізгі мақсаты: Еуразия кеңістігінің тарихи өткеніне, оның тарихына үңілу, көпғасырлық құпияларды ашу, Шығыс Қазақстанның соншалықты бай, шын мәніндегі киелі жерлерінен бастау алатын қуатты энергетиканы сезіну айқындалды. Конференция соңы, ШҚО, Ұлан ауданының Бестерек музей-археологиялық кешенінің ашылуымен жалғасты (29 сурет).



(29сурет)

Туристік маусым кезеңінде туристермен қатар, Елімізге елеулі қызмет көрсетіп, ел алғысын алып жүрген бірегей тұлғаларымызда Музей мен қорғандарды тамашалауға келгенді. Көне дәуірлерден сыр шертетін тарихи жәдігерлер жайлы тың мәліметтермен таныстырылып, экскурсиялық қызмет көрсетілді (30, 31 сурет).



30 сурет («Хабар» телеарнасының басшысы Берік Уәли «Берел қорғандарында»)



31 сурет (Жазушы Тұрсын Жұртпай «Берел қорғандарында»)

«2022 жыл Қазақстандағы балалар жылы» қарсаңында, оқушылардың сабаққа деген ынтасын және өлкеміздің тарихына деген құрмет сезімін қалыптастыру мақсатында дәріс – сабағы өткізілді. Дәріс – сабақ 6-9 сыныптың оқушыларына арналды. Дәріс-сабақ барысында, археология мен тарихқа қатысты қызықты сұрақтар туындап, сабақ соңынан әңгіме-дебат өткізілді. Нәтижесінде оқушыларды «Берел» қорғандарының артефактілерімен таныстыруға саяхат -сабағы ұйымдастырылып, оқушылардың бойында тарих және археологияға деген қызығушылық туындап, саяхат жетекшісі және археолог мамандықтарына оқуға ниеттенген оқушыларда болды (32 сурет).



(32 сурет)

2022 жылдан бастап елімізде Республика күні ұлттық мереке ретінде тойланатын болды. Себебі 25 қазан - Тәуелсіздік бастау алған тарихи күн.

1990 жылдың 25 қазаны күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қаз ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды.

Осы мереке қарсаңында, «Берел» мемлекеттік тарихи - мәдени музей - қорығы» мен «Катонқарағай ауылдық кітапханасы» біріккен, «Қазақстан - менің Отаным» атты тақырыпта тарих сағаты өткізілді (33 сурет). Тарих сағатына келген оқушылармен өткен тарихымызға шолу жасай отырып, викториналық сұрақтарға жауап берілді. Оқушылар тарих сағатына жаттап келген өлең шумақтарын оқып, белсенділік танытқан оқушыларға сыйлықтар табысталды.



(33 сурет)

27-29 қазан аралығында Ұлытау облысы Жезказған қаласында С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық драма театры ғимаратында «Алтын Орданың тарихи-мәдени мұрасы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

Конференция АҚШ, Ресей, Қырғызстан, Түркия және Қазақстан ғалымдарының қатысуымен өткізілді.

«Берел» мемлекеттік тарихи - мәдени музей – қорығынан» аталмыш конференцияға Ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы Елемесова Жанар Қайратқызы мен Есеп және ғылыми қор сақтау бөлімінің басшысы Сегізбаева Жәния Мейірқызы қатысып қайтты (34 сурет).




(34 сурет)

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы 2022 жылдың 10 қарашасы күні: «Мемлекеттік сектордағы адалдықты нығайту: мүдделер қақтығысын басқару» тақырыбында семинар өткізді. .

Семинарға онлайн режимінде «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК - ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі комплаенс қызметінің жауапты қызметкерлері қатысты.

Семинардың мақсаты – қатысушыларды адалдық және сыбайлас жемқорлық ұғымдарымен таныстыру. Комплаенс қызметтері - квазимемлекеттік сектордағы мүдделер қақтығысын анықтауды және жоюды қамтамасыз етеді. (35 сурет).



(35 сурет)

Тәуелсіздіктің 31 жылдығы қарсаңында, «2022 жыл Қазақстандағы балалар жылына» орай, Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімінің “Жас турист станциясы” КММ - де геолого-археология үйірме апталығы өтті.

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қызметкерлері «Берел - бедерлері» атты тақырыпта тарихи – танымдық сабақ ұйымдастырылып, оқушылармен бірге тарихтың тереңіне бойлай, көшпелі көрме тамашаланды. «Берел - бедерлері» атты тәрбиелік маңызы зор сабақтың басты мақсаты: 2021-2022 жылғы Берел қорғандарындағы қазба жұмыстарының барысы және одан табылған жәдігерлер мен «Берел музей-қорығының» тарихын оқушыларға кеңінен таныстырып, насихаттау.

Аталған іс-шарада Тәуелсіздік жылдарындағы қазба жұмыстарының қаншалықты маңызды рөлге ие екендігі және тоң басқан тарихымызды зерттеуші ғалым – археологтар жайлы ақпараттармен, тарих және археология мамандығына деген қызығушылықтарын тудыру мақсатында қызықты сәттерден слайд-шоу көрсетіліп өтілді (48, 49 сурет).



(48 сурет)



(49 сурет)

Қ.Р Мемлекеттік Орталық музейі Қ.Р Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен 23-25 қараша күндері ғылыми - зерттеу және мәдени - білім беру жұмыстары бойынша республика көлемінде музей қызметкерлеріне көпжылдық тәжірибемен бөлісу мақсатында «Қазіргі Отандық музей: жаңа тәсілдер мен өзекті іс – тәжірибелер» тақырыбында Республикалық ғылыми-әдістемелік семинар-тренинг өткізді. Музей қызметкерлеріне таптырмайтын мұндай іс-тәжірибеге «Берел» музей- қорығынан бөлім басшысы А.Мухтарханов қатысып, аталмыш бағыттар бойынша тәжірибе алып келді (50, 51 сурет).



(50 сурет)



(51 сурет)

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында, «2022 жыл Қазақстандағы балалар жылына» орай, сынып ішіндегі «Археологиялық қазба жұмыстары» ұйымдастырылды. Оқушылар «ҚОР САҚТАУШЫЛАР», «ТОПОГРАФТАР», «АРХЕОЛОГТАР» атты 3 топқа бөлінді. Әр мамандықтың қыр-сырын ашуға тырысып, белсенділік танытқан оқушыларға жәдігерлердің формасында жасалынған салпыншақтар естелік ретінде табысталып, мадақтама қағазымен марапатталды (52, 53 сурет).



(52 сурет)



(53 сурет)


16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне орай, 2022 жылдың 13 желтоқсан күні «Қорғандар құпиясы» тақырыбында республикалық дөңгелек үстел өткізді.

Дөңгелек үстел 2022 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі мен өзекті мәселелеріне арналды.

Дөңгелек үстел барысында талқыланған негізгі тақырыптар:

- Музей қорықтардың нарық заманына сай қалыптасуы;
- Қалың бұқара арасында тарихи – мәдени мұраны насихаттау жұмыстары;
- Экскурсиялар өткізу және экспозицияларды ұйымдастырудағы жаңашылдықтары;
- Қорлар мен сақтау орындарының жұмысындағы жаңалықтары;
- Археологиялық қазба жұмысындағы методологиялық мәселелер, зерттеу мәселелері;

Дөңгелек үстелге тарихшылар, археологтар, сонымен қатар гуманитарлық ғылымдардың өзге де өкілдері қатыса алды. Дөңгелек үстел нәтижесінде талқыланған тақырыптардың мән-мағынасы айқындала түсіп, археологиядағы, насихаттау жұмыстарындағы маңызды мәселелер көтеріліп, сұрақтар мен ұсыныстар және тілектер айтылды (54, 55 сурет).



(54 сурет)

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне орай, 2022 жылдың 14 желтоқсан күні «Үлкен Нарын аудандық тарихи - өлкетану музейінде», «Тас түбіндегі құпия сырлар» атты көрменің ашылу салтанаты болды. Көрмеге Үлкен Нарын ауылдық мектебі мен лицей оқушылары келіп қатысты. Көрме 26 желтоқсанға дейін көрсетілді (55, 56 сурет).




(55 сурет)



(56 сурет)

Музейге келушілерге қолайлы жағдай жасау мақсатында музей ғимаратына карточкалық төлем қабылдайтын онлайн касса орнатылды (57 сурет).



(57 сурет)

Мәдениет және спорт министрлігі мен «Қазақ Туризм» ҰК» АҚ қолдауымен Берел қорғандарының аумағына арнайы фотоаймақ орнатылды (58 сурет)




(58 сурет)

Ескерткіштер саны.

Бүгінгі таңда Берел теңдесі жоқ археологиялық ескерткіштердің бірі. Бұнда 100 ден астам қорғандар бар деп есептеледі.

1.	Ескерткіштің атауы	<i>Берел қорғандары</i>
2.	Ескерткіштің мерзімделуі	<i>Біздің заманымызға дейінгі 3-4 ғасыр, біздің заманымыздың 7-8 ғғ</i>
3.	Ескерткіштің тұрған жері	(облыс, қала, аудан, елді-мекен, село, көше) <i>Қазақстан Республикасы, 070607, Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Жамбыл ауылы.Сахатушка мекені.</i>
4.	Ескерткіштің сипаттамасы: Қорым 4 қорғандар тобынан тұрады: <ul style="list-style-type: none"> • I топ – таудағы кертпеш ортасына орналасқан. Ол солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа созылған 11 қорғаннан тұрады. • II топ – солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай тізбектеліп созылған 12 қорғаннан тұрады. Ол кертпештің батыс жағында орналасқан. • III топ – 9 қорғанды құрайды. Ол кертпештің шығысында орналасқан. • IV топ – Ол кертпештің батысында орналасқан. 4 қорғанды құрайды. 	
5.	қорғау міндеттемесінің берілген күні және нөмірі	№ 248.001.А1



Қорғандардың орналасу схемасы

Ғылыми – зерттеу жұмыстары

Жұмыс барысы: «Берел» қорық мұражайындағы ғылыми – зерттеу жұмыстары.

2020 жылы «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» РМҚК «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23 бабына сәйкес *ғылыми және ғылыми техникалық қызмет субъектісі ретінде қайта аккредиттелді.*

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің «Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстарды және (немесе) археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия беру» туралы 2020 жылғы 25 маусымындағы №188 бұйрығына сәйкес «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК 2022 жылдың қараша айының 28-інде *тарих пен мәдениет ескерткіштеріне археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі №22022187 мемлекеттік лицензиясын алды.*

Ғылыми – зерттеу бөліміндегі іске асырылатын жобалар, археологиялық қазба жұмыстары

Б. д. I мыңжылдықтың (II-V ғғ.) басындағы Қазақ Алтайының ескерткіштерін анықтау, есепке және мемлекеттің қорғауына алу, бұл ескерткіштерді Ұлы көші-қонның алғашқы серпіні тұрғысынан және қазіргі Еуразия құрлығының басым бөлігіндегі халықтар мен мәдениеттердің қалыптасу негіздері ретінде кешенді зерттеу мақсатында 2021 жылы Мәдениет және спорт министрлігінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде «Қазақ Алтайының б.д. I мыңжылдық басының (II-V ғғ.) ескерткіштері: халықтардың Ұлы қоныс аударуының және Еуразияның этномәдени құрылымының қалыптасуының бастаулары» тақырыбында жобасын жүзеге асырылып, 2022 жылы жалғасын тапты. Бағдарламаны іске асыру аясында бірнеше бағытта жұмыстар атқарылды:

- Б. 3. I мыңжылдықтың (II-V ғғ.) басындағы Қазақ Алтайы, Қазақстан және Еуразия ескерткіштері бойынша барлық ықтимал библиографиялық және мұрағаттық деректерді жинау және талдау;

- Берел қорымындағы 6 археология ескерткіштерін Б. 3. I мыңжылдықтың басынан бірінші жартысына дейін зерттеу; зертханалық-камералдық зерттеулер жүргізу;

- Далалық ізденістер мен зертханалық зерттеулердің нәтижелерін далалық Еуразияның іргелес аймақтарының археологиясы бойынша ғылыми деректермен салыстырмалы талдау;

- Жоба бойынша жылдық есепті дайындау және тапсыру.

Өткен маусымда осы дәуірдің жаңа ескерткіштері аймақтың бірнеше қорымдарынан табылды. Осы кезеңде Қазақ Алтайындағы хунно-сяньбия дәуіріндегі археологиялық ескерткіштерді зерттеу кезінде алынған материалдарды зерттеу жұмыстары деректер жинақталу сатысында тұр. Ғылыми айналымға кейбір қоршауларды қазудың егжей-тегжейлі нәтижелері енгізіледі.

Жобаны жүзеге асыру барысында 2022 жылы жеті ғылыми және ғылыми-танымдық мақала жарияланды, олардың үшеуі РИНЦ кіретін басылымда, үшеуі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағында, енді біреуі «Қазақстандағы археологиялық зерттеулер – 2021» атты ғылыми жинақта, қалғандары халықаралық және республикалық ғылыми жинақтарда басылды, сонымен қатар газет беттерінде жарық көрді.

Табылған заттардың басым көпшілігі өңделіп, мәдени-мерзімдік белгілері анықталды. Алынған нәтижелер ғылыми-теориялық зерттеулер жазу барысында, оқулықтар, өлкетану материалдары мен басқа да жинақтарды әзірлеуде қолданылады (59 сурет).



(59 сурет)

Ғылыми және ғылыми танымал материалдарды жариялау.

РҒДИ базасында индекстелген журналдардағы мақалалар:

1. Самашев З., Айтқали А. Предварительные итоги исследования памятников сяньбийского времени в Казахском Алтае // Теория и практика археологических исследований. 2022. Т. 34, №3. С. 0–0. [https://doi.org/10.14258/tpai\(2022\)34\(3\).-12](https://doi.org/10.14258/tpai(2022)34(3).-12)

2. Самашев З. (Алматы, Казахстан) Об одном погребально-поминальном обряде у ранних саков // Қазақстан археологиясы. 2022. №3(17).– С. 9-32. <https://doi.org/10.52967/akz2022.3.17.9.31>

3. Самашев С.К. (с. Жамбыл, Казахстан), Сиражева Б.А. (Алматы, Казахстан) Роговые предметы с тамгообразными знаками: по материалам сяньбийских погребений некрополя Берел // Қазақстан археологиясы. 2022. №3(17).–С. 32-43.

<https://doi.org/10.52967/akz2022.3.17.32.42>

Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарындағы мақалалар:

1. Айтқали А. «Женские погребения хунно-сяньбийского времени некрополя Берел» // Маргулановские чтения-2022: материалы международной научно-практической конференции. (Алматы 12–13 апреля 2022 г.). – Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2022. С. 296-305

2. Айтқали А.Қ., Құрманғалиев А.Қ. Сяньбэй мәселесі: Қазақ Алтайындағы археологиялық зерттеулердің кейбір нәтижелерінен // Евразийская степная цивилизация: человек и историко-культурная среда. Материалы V международного конгресса археологии евразийских степей (г. Туркестан, 11–14 октября 2022 г.). В 5-ти т. Алматы – Туркестан: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2022. Т. 2. С. 140-146

3. Чотбаев А.Е. (Алматы, Казахстан) Новые материалы по вооружению ранних кочевников Казахского Алтая // Евразийская степная цивилизация: человек и историко-культурная среда. Материалы V международного конгресса археологии евразийских степей (г. Туркестан, 11–14 октября 2022 г.). В 5-ти т. Алматы – Туркестан: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2022. Т. 2. С. 312-322

4. Чотбаев А. Предварительные результаты археологических работ Казахском Алтае в 2021 году // «Қазақстандағы археологиялық зерттеулер – 2021» ғылыми мақалалар жинағы. – Астана: Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, 2022. – С. 399-404

Конференциялардағы баяндамалар:

1. Сарбасов А. «Берел музей-қорығының 2018-2021 жж жүргізген қазба жұмыстары» // Маргулановские чтения-2022: материалы международной научно-практической конференции. (Алматы 12–13 апреля 2022 г.).

2. Чотбаев А. «Қазақ Алтайы ерте темір дәуірінің жаңа ескерткіштері» Маргулановские чтения-2022: материалы международной научно-практической конференции. (Алматы 12–13 апреля 2022 г.).

3. Ғылыми-қор жұмысы

Қазіргі кезде музей қорында 1000-нан астам жәдігер бар. Құжаттау бойынша қордағы жәдігерлерді есепке алу үшін арнайы тігілген, мөрленген тіркеу кітаптары жүргізіледі. Барлық жәдігерлер осы кітаптарға тіркелген және ғылыми мүкәммалық номерлеріне сәйкес болып табылады. 1068 (мың бір жүз алпыс сегіз) жәдігер музейдің тұрақты сақтау қорында бар. Сондай-ақ, кітаптарды тіркеу журналы бойынша бүгінгі таңда кітапхананың тіркеу қорында 1000 – нан астам атау тіркелген.

Кесім және кесімдерді тіркеу кітаптары арқылы түсімдерді және музей заттарының кезкелген қозғалымын тіркеу, музейдің қандай материалдарды сақтайтынын, саны қанша екенін, олардың қайда орналасқанын және олар үшін кімнің жауап беретінін кез келген уақытта білуге мүмкіндік беріп отыр.

Қорға сатып алу комиссиясы жыл сайын құрылып отыр, соның шешімімен қорға 123 (жүз жиырма үш, ЗМБКПО1/428-549) дана Берел қорғандары тақырыбындағы, әр жылдардағы қазба жұмыстарының фотосуреттері ғылыми-зерттеу бөлімінен қабылданды (Тұрақты сақтауға қабылдау КЕСІМІ №1 сәуір 2022ж). Археологиялық қазба жұмыстарының есептері де архив ретінде қорда сақталады. Сақталу шифрі – АРХ1 (1999-2021 жж аралығы).

2022 жылғы есеп және ғылыми-қор жұмысы бөлімінің санағы бойынша

Музей қорындағы ұлттық игілік объектілеріне арналған жобалық құжаттаманың сақтандыру қоры жасақталып, сақтау мен пайдалану тәртібі айқындалған. (25 сәуір 2022 ж. №12-ө Бұйрық). Сақтандыру комиссиясының төрағасы – музей-қорықтың директорының м.а.. Ұлттық игілік объектілеріне арналған жобалық құжаттамасы

№	Тұрақты қордағы жәдігерлер саны		Уақытша қордағы жәдігерлер саны		Қор бойынша бағалы металлдардың саны			Ескертпелер	
	Акт бойынша	Барлығы	Акт бойынша	Барлығы	Барлығы	Сынам алары бар	Сына мазсыз	Ғылыми көмек қорының жәдігерлері	2022 жылдың бірінші жартыжылдығындағы түсім
1	1068	1068	70	70	218	148	70	17	123

Атауы		Барлық саны	
Жәдігерлер бойынша	Нысандар бойынша	Жәдігерлер бойынша	Нысандар бойынша
302	0	570	0

Қордағы қалпына келтіруді қажет ететін жәдігерлерді іріктеп, қалпына келтіруге алу-беру актілерімен өткізіп қабылдап отырудың нәтижесінде Есенғали Садырбаевтың, «Алтай көшпелілерінің тұрмысы мен өмірі» атты топтаманың, 4 (төрт) суреттінің жақтаулары өзгертілді. Материалды-жауаптылықпен қалыпқа келтіру кесімі №1, 2022 жыл. Материалды-жауаптылықпен қайта қалпына келтіруден қайтару кесімі №1, 2022 жыл.

Музей жәдігерлерінің коллекцияларынан 696 (алты жүз тоқсан алты) бұйым тұрақты көрмеге қойылған. Барлығы материалдық-жауаптылықпен өткізілген (Акт №2-9, 16.05.2022ж). Тұжырымдамаға сай дайындалған:

- Қазақ Алтайының ежелгі көшпелілер тұрмысы залында – 273 зат
- Ат әбзелдерінің реконструкциясы. № 11 оба залында – 5 зат
- № 36 оба залында – 66 зат
- Қазақ Алтайының орта ғасырлар көшпелілер тұрмысы залында – 149 зат
- Ерекше қор залында – 189 зат
- «Алтай көшпелілерінің өмірі мен тұрмысы» атты Есенғали Садырбаевтың суреттер топтамасы – барлығы 14 сурет орналастырылған.

Көрме залдарының, №11 саркофақтағы жәдігерлердің тазалығы мен сақталуын қадағалап тексеру журналдары апта сайын. Ал экспозициядағы жәдігерлерге ауаның ылғалдылығы мен температуралық режимін сақтау мақсатында ол журнал күнделікті жүргізіледі. Музей залдарына арнайы мекеме арқылы дератизациялық дәрілеу жұмыстары жүргізіледі.

Заттарды уақытша сақтауға тапсыру кесімдері бойынша 2022 жылдың бірінші жартысында 64 (алпыс төрт) зат музей-қорынан уақытша пайдалануға беріліп, кесімдегі уақытына сәйкес қайтарылды. 2022 жылдың қаңтар-сәуір аралығында аудан мектептерінің оқушыларына ұйымдастырылған көшпелі көрмелерге 56 (елу алты) жәдігер материалды-жауаптылықпен берілді. Музейден тыс көшпелі көрмеге 2022 жылдың 29 маусымында 220 (екі жүз жиырма) жәдігер тұрақты экспозициядан алынып, Катонқарағай ауылында өткен халықаралық айтыста көрермен назарына ұсынылды. Барлық жәдігерлер уақытында қорға қайтарылып, тұрақты экспозицияны құрады.

Есеп беру кезеңінде өткізілген онлайн шаралар:

Facebook және Instagram парақшасында өткізілген іс-шаралар:

№	Өткізілу уақыты	Елімізде республикалық мәдениет ұйымдары өткізетін іс-шаралардың орындалуы бойынша ақпарат	Қаралым саны
Қаңтар айы			
1	13.01.2022 ж	Фото – ақпарат. «Маңдай әшекейі»	75
2	20.01.2022 ж	Фото – ақпарат. «Қола қазан»	88
3	27.01.2022 ж	Фото – ақпарат. «Жануар тісінен жасалған тұмар»	62
Барлығы			3
Ақпан айы			
1	03.02.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Жылқыға тағылған	68

		маңдай дискісі»	
2	07.02.2022 ж	Көшпелі көрме «Беделі бағаланған - Берел»	56
3	10.02.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Жапсырма пластина»	51
4	14.02.2022 ж	Тарихи – танымдық сабақ. «Беделі бағаланған - Берел»	45
5	17.02.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Салпыншақ қапсырма»	41
6	22.02.2022 ж	Тарихи – танымдық сабақ. Көшпелі көрме. «Беделі бағаланған - Берел»	75
7	24.02.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Жапсырма тақташа»	42
Барлығы			7
Наурыз айы			
1	01.03.2022 ж	«Алғыс айту күніне» құттықтау	55
2	03.03.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Жүген ноктасының салпыншағы»	61
3	05.03.2022 ж	8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында, әйелдер қауымын құттықтау.	44
4	10.03.2022 ж	Видео – ақпарат. «Пазырық мәдениеті кезеңіндегі әйел»	36
5	16.03.2022 ж	«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауын» тыңдап, алға қойған міндеттерге ден қойып, талдау жасалды	38
6	17.03.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Қылқан жапырақты ағаштың имитациясы»	65
7	18.03.2022 ж	«Наурыз мейірімі» Қайырымдылық іс – шарасы	16
8	20.03.2022 ж	Наурыз – көктем мен жаңару мерекесі. Тұсау кесер рәсімінен бейне көрініс	80
9	22.03.2022 ж	«Наурыз айы – балалар үшін басты мереке» «Наурыз – мереке, Наурыз - береке» Ұлыстың ұлы күні Өз – Наурыз мерекесіне құттықтау	45
10	22.03.2022 ж	Ұлыстың ұлы күні Өз – Наурыз мерекесіне орай, Катонқарағай ауылдық орталық алаңында киіз үй тігіліп, «Алтын адам» атты	115

		көшпелі көрме ұйымдастырылып, дастархан жайылды	
11	31.03.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Қола айна»	35
Барлығы			11
Сәуір айы			
1	07.04.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Қола чекан»	35
2	14.04.2022 ж	“Марғұлан оқулары - 2022” халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. Бұл конференцияда “Берел музей-қорығының 2018-2021 жж. жүргізген қазба жұмыстары” атты тақырыпта баяндама оқылды.	78
3	20.04.2022 ж	«18 сәуір - Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күніне» орай, Музей ұжымы біріккен сенбілік өткізді.	21
4	21.04.2022 ж	Фото – ақпарат. Берел, 2005 жылғы қазба жұмыстары.	124
5	28.04.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Әктас жынысынан жасалған әр – түрлі диаметрдегі диск тәрізді әшекейлер»	79
Барлығы			5
Мамыр айы			
1	01.05.2022 ж	1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні. Катон-Қарағай ауданы, Катон-Қарағай ауылында және Өрел ауылында, «Аламан Бәйге», Қазақ халқының ұлттық ойындары – «Аударыспақ, арқан тартыс, ауыр тас көтеру, қамыр жаю, кесте тоқу, би жарыстары» ұйымдастырылды.	157
2	07.05.2022 ж	«7 мамыр – Отан қорғаушылар күні» мерекесімен құттықтау тілегі.	37
3	09.05.2022 ж	«9 мамыр – Жеңіс күні». Ұлы жеңіске 77 жыл толуына орай, тыл еңбеккерлерін құттықтау.	58
4	12.05.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Жебе ұштары»	26
5	15.05.2022 ж	15 мамыр – Халықаралық отбасы күні. 15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай, келуші туристерге 14-20 мамыр аралығында тегін экскурсиялық қызметтер көрсетіліп, ертеден сыр шертетін қорғандар мен киіз үй көрмелерін тамашалап қайтуға мүмкіндіктер	90

		жасалды.	
6	16.05.2022 ж	18 мамыр – Халықаралық музейлер күніне арналған іс - шара. Тарихи-мәдени индустриямен танысу	32
7	18.05.2022 ж	18 мамыр – Халықаралық музейлер күніне құттықтау	43
8	19.05.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Қола ілгек»	28
9	21.05.2022 ж	«21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне» құттықтау тілегі.	39
10	21.05.2022 ж	«2022 жыл Қазақстандағы балалар жылына» орай, «21 Мамыр - Мәдениет және өнер қызметкерлері күні» қарсаңында, «Сейтқамза Ластаев атындағы орта мектеп» КММ-нің 9-10 сынып оқушыларына «Беделі бағаланған - Берел» атты тарихи - танымдық сабақ өткізілді.	113
11	18.05.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Жебенің ұшы»	31
Барлығы			11
Маусым айы			
1	01.06.2022 ж	1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні , «2022 жыл Қазақстандағы балалар жылы» «2022 жыл Қазақстандағы балалар жылына» орай, 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніқарсаңында, «Берел» музей-қорығына» келуші бүлдіршіндер мен оқушылардың назарында - ертеден сыр шертетін жәдігерлер мен этнографиялық залдар болды. Оқушылардың көтеріңкі көңіл-күйде болуы үшін, музей аумағында «Алтыбақан» құрылды.	87
2	03.06.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Тікбұрышты пішінді сүйектен жасалған бұйым»	35
3	10.06.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Арка немесе таға пішіндес қапсырма – салпыншақ»	62
4	16.06.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Өмілдіріктің салпыншағы»	41
5	20.06.2022 ж	Мәдени - ағартушылық бағытындағы	89

		қабылдау Катон-Қарағай ауданындағы 20-17 Әскери бөлімінің шекарашы сарбаздары мен қызметкерлерін мәдени - ағартушылық бағытындағы қабылдау «Берел» музей - қорығында болды.	
6	23.06.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Бұрғыланған дөңгелек саңылауы бар жануардың азу тісінен жасалған салпыншақ»	64
7	30.06.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Тістен жасалған жүгеннің салпыншақтары»	53
Барлығы			7
Шілде айы			
1	05.07.2022 ж	«Алтайдай жер қайда?! Халықаралық ақындар айтысы.	145
2	08.07.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Құйысқан жапсырмасы»	26
3	14.07.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Ортасында көк түсті тасы бар, гүл түріндегі сырға»	42
4	18.07.2022 ж	Елімізге елеулі қызмет көрсетіп, ел алғысын алып жүрген бірегей тұлғаларымызда Музей мен қорғандарды тамашалауда	93
5	21.07.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Өмілдіріктің тоғасы, айылбас»	44
6	28.07.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Ер қасы доғасының сынығы»	53
7	29.07.2022 ж	«Берел» мемлекеттік тарихи - мәдени музей-қорығында» 28 шілде күні «Шілікті. Патшалар алқабының жауһарлары» атты көрменің ашылу салтанаты болып өтті. Көрме шілде, тамыз, қыркүйек айларында тамашалауға ұсынылды.	74
8	29.07.2022 ж	2022 жылғы 28 шілде күні ҚР МСМ МК «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК мен "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" РМҚК арасында өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.	67

Барлығы			8
Тамыз айы			
1	01.08.2022 ж	Шетелдік мамандардан тәжірибе алмасу	45
2	04.08.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Мойыны бар керамикалық ыдыс»	35
3	12.08.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Ақ металдан жасалған дөңгелек пішінді шашбаулар»	48
4	19.08.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Ер қанжығасының түймесі»	68
5	25.08.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Түйметәріздес қапсырма»	45
6	25.08.2022 ж	УМАІ ұлттық сыйлығы	34
7	30.08.2022 ж	30 тамыз – Конституция күніне құттықтау	40
Барлығы			7
Қыркүйек айы			
1	01.09.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Тікбұрышты қапсырма»	53
2	09.09.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Бұрым»	43
3	23.09.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Әр түрлі материалдан жасалған моншақтар»	49
4	29.09.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Темір қанжар»	32
Барлығы			4
Қазан айы			
1	07.10.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Ағаш түйме»	30
2	20.10.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Ағаштан ойылып, алтынмен қапталған сфинкстің мүсіні»	41
3	25.10.2022 ж	25 қазан – Республика күніне құттықтау	37
4	25.10.2022 ж	2022 жылдан бастап елімізде Республика күні ұлттық мереке ретінде тойланатын болды. Осы мереке қарсаңында, “Берел” мемлекеттік тарихи - мәдени музей - қорығы” мен «Катонқарағай ауылдық кітапханасы» біріккен, «Қазақстан - менің Отаным» атты тақырыпта тарих сағаты өткізілді.	58

5	28.10.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Жылқының маңдай әшекейі»	34
6	31.10.2022 ж	27-29 қазан аралығында Ұлытау облысы Жезказған қаласында С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық драма театры ғимаратында «Алтын Орданың тарихи-мәдени мұрасы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.	77
Барлығы			6
Қараша айы			
1	03.11.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Аңның басы бедерленген қамшы сабының сынығы»	25
2	10.11.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Жыртқыш және қиял-ғажайып хайуанаттардың арпалысы бейнеленген салпыншақтар»	61
3	11.11.2022 ж	Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы: «Мемлекеттік сектордағы адалдықты нығайту: мүдделер қақтығысын басқару» тақырыбында семинар өткізді.	46
4	15.11.2022 ж	Тәуелсіздіктің 31 жылдығы қарсаңында, «2022 жыл Қазақстандағы балалар жылына» орай, Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімінің “Жас турист станциясы” КММ - де геолого-археология үйірме апталығы өтті.	62
5	17.11.2022 ж	Археология саласында ерен еңбегімен елене білген, бірқатар әлем елдеріне танымал археолог, профессор Зайнолла Самашев Самашұлын 75 жасқа толған торқалы мерейтойына құттықтау тілек.	69
6	17.11.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Жолбарыстың бұғыға шабуылының сәті бейнеленген әшекей»	34
7	24.11.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Бедерленген ат әбзелінің әшекейлері»	45
8	30.11.2022 ж	Музей қызметкерлері үшін Республикалық семинар-тренинг	105
Барлығы			8
Желтоқсан айы			

1	02.12.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Самұрықтың тұмсығына іліккен бұғының басы бейнеленген ат әбзелінің әшекейі»	51
2	08.12.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Бұғының мүйізінен жасалған балға мен қазық»	47
3	12.12.2022 ж	Мектептегі археологиялық қазба жұмыстары сабағы	69
4	13.12.2022 ж	Республикалық дөңгелек үстел	42
5	15.12.2022 ж	«Тас түбіндегі құпия сырлар» атты көрме	55
6	16.12.2022 ж	16 желтоқсан – ҚР тәуелсіздік күніне құттықтау	45
7	22.12.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Бас киімді әшекейлеп тұрған бұғының ағаш мүсіні»	38
8	23.12.2022 ж	Мектептегі археологиялық қазба жұмыстары сабағы	68
9	29.12.2022 ж	Бір жәдігер сыры. «Жылқы маскасының ағаштан жасалған таутекенің мүйізі тәрізді құрамдас бөлігі»	39
10	31.12.2022 ж	Жаңа жылға құттықтау тілегі	59
Барлығы			10
2022 жылы Facebook және Instagram парақшасында өткізілген іс-шаралар барлығы			87

2022 жылғы Ютуб желісіндегі жарияланымдар саны

№	Тақырыбы	Авторы	Сілтеме	Күні
1.	Берельские курганы	Анна Наутай	https://youtu.be/K3zZVXmBCak	25 қаңтар 2022 ж
2.	Берел қорымы	ЦДЮТиК Астана	https://youtu.be/ZOmL0tlhCag	3 мамыр 2022 ж
3.	Берельские курганы. Долина царей	Дегустатор Толстов	https://youtu.be/QTXoh0dxPes	13 маусым 2022 ж
4.	Берел. Патшалар жазығы	Ақберен Елгезек	https://youtu.be/qmfKJEFiO4I	15 маусым 2022 ж

5.	Берел қорғандары	Лайла Абдрахманова	https://youtu.be/2g-W-9ax1xo	17 маусым 2022 ж
6.	Қазба қазыналары. Салт аттылар.	АБАІ TV	https://youtu.be/bNdgum9WalE	7 шілде 2022 ж
7.	Сақтардың мұражайы	Диас Құзайыр	https://youtu.be/tPpglPofb7l	27 шілде 2022 ж
8.	Берельские курганы в Царской долине Катон-Карагай	Казахстан с высоты	https://youtu.be/qMw--naN4	1 тамыз 2022 ж
9.	Берел қорық мұражайы	Серікжан Ысқақбек	https://youtu.be/E4hUjNg-dNc	22 тамыз 2022 ж
10.	Берел қорық мұражайы	Серікжан Ысқақбек	https://youtu.be/OWDdDT28UZs	22 тамыз 2022 ж
11.	Берел ханшайымы	Тарих Жобалар	https://youtu.be/l6scsA2i7_Q	12 қазан 2022 ж
12.	Берел қорғандары	History Time	https://youtu.be/Yz2GdO1nJpo	4 қараша 2022 ж
13.	Долина сакских царей	По дороге с облаками	https://youtu.be/b6bepljdBfc	8 қараша 2022 ж
14.	Қарт Каспиден – Төр Алтайға	Раббим Бораш	https://youtu.be/Byq8WKTgvRQ	12 қараша 2022 ж

2022 жылғы газет бетінде жарық көрген мақалалар.

№	Газет атауы	Мақала тақырыбы	Авторы	Саны
1.	РУДНЫЙ АЛТАЙ	Созидание и традиции определяют будущее	Таир Сапарғалиев	№4, 13 января 2022 года
2.	АІQYH	«Қорғансыз қорғандар ... »	Азамат Қасым, ШҚО	№9, 22 қаңтар 2022 жыл
3.	ЛУЧ	«Об итогах социально-экономического развития катон-карагайского района за 2021 год и планах	Отчетный доклад акима Катон-Карагайского района Дильдара	№4, 28 января 2022 года

		на 2022 год»	Каликана перед населением	
4.	МЕНИҢ ӨЛКЕМ	«Қорланған» қорғандар	Әділхан Есімханов	3 ақпан 2022 жыл
5.	ARAI - ЛУЧ	«Катонқарағай ауданының 2021 жылғы әлеуметтік- экономикалық дамуының қорытындылары және 2022 жылы алда тұрған міндеттер»	Арнайы шығарылым	11 ақпан 2022 жыл
6.	DIDAR	Әлемдегі ең үздік бес көрменің бірі атанды	Didar ақпарат	№28, 10 наурыз 2022 жыл
7.	DIDAR	Берелден Ұлыбританияға дейін	Алтай Ғали Асқар	№36, 31 наурыз 2022 жыл
8.	РУДНЫЙ АЛТАЙ	Тайны долины царей	Бахыт Сарсембаева	№44, 19 апреля 2022 года
9.	DIDAR	Қазба жұмыстары тарихымызды тереңдетті	Ержан Әбіш	№45, 21 сәуір 2022 жыл
10.	EGEMEN QAZAQSTAN	«Алтайдай жер қай- да?!»	Мерей Қайнарұлы	5 шілде 2022 жыл
11.	РУДНЫЙ АЛТАЙ	Золотое свечение Великой степи	Таир Сапарғалиев	№106. 10 сентября 2022 год
12.	РУДНЫЙ АЛТАЙ	Школа юнных археологов	Гульжан Естаева	№108. 15 сентября 20022 г.
13.	DIDAR	Бала ғалымдар баба тарихқа тағзым етті	Айжанат Бақытқызы	№ 108. 15 қыркүйек 2022 жыл

14.	ARAI	Тарихи нысандар зерттелуде	А.Т. Сарбасов, Ж.Қ. Елемесова, Берел мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы	№38, 16 қыркүйек 2022 ж.
15.	DIDAR	Бестеректе бірегей орталық ашылды	Алтай Ғали Асқар	№110, 20 қыркүйек 2022 жыл
16	МӘДЕНИ МҰРА	«Культура саков Восточного Казахстана: поиск истоков»	Боковенко Н.А.	№4 (99) 2022 жыл
17	МӘДЕНИ МҰРА	«Текті тұлға туралы толғаныс»	Омаров Г.Қ.	№4 (99) 2022 жыл
18	МӘДЕНИ МҰРА	Қазақ археологиясындағы мен таныған Зейнолла аға бейнесі	Үмітқалиев Ұ.Ұ.	№4 (99) 2022 жыл
19	МӘДЕНИ МҰРА	Қазақ Алтайындағы Берел ескерткіші	Самашев З.С.	№4 (99) 2022 жыл
20	МӘДЕНИ МҰРА	Ұлт тарихын түгендеуші тұлға	Сайлаубай Е.Е.	№4 (99) 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАҚ

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап бүгінгі күнге дейінгі кезеңде республикалық БАҚ-тарға **181** материал жарық көрді (жалпы жыл бойы).

Оның ішінде:

- интернет-порталдарда (Facebook және Instagram) 152
- БАҚ - да (гезет-журнал) – 20
- YouTube желісінде – 14

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР

ЖЕЛІДЕГІ СІЛТЕМЕЛЕР:

Facebook - <https://www.facebook.com/profile.php?id=100010646411844>

Instagram - https://www.instagram.com/berel_museum/

РЕСМИ САЙТЫ

Сайт - <https://www.berel-museum.kz/ru/>

2022 жылы сайтта 35 жарияланым орналастырылды.

АҚПАРАТТЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

- Өткізілген іс-шаралар саны 23
- Шақырылған БАҚ саны 1
- Бірінші басшылардың сұхбат саны 1
- Бейнероликтер саны 4
- Ұйымдастырылған мақалалар саны -2
- Резонанстық тақырыптар жоқ. Теріс материалдардың саны жоқ.

Есепті кезеңде ресми парақшаға жазылушылар саны 3370 құрады. (Салыстыру үшін, 2021 жылы жазылушылар саны 3080 болды) 290-ке өсті.

- Есепті кезеңде 45 жарияланым орналастырылды.
- «Ұнату» белгілерінің жалпы саны - 3290.
- Instagram және Facebook парақшасында- 174 жарияланым орналастырылды.
- Instagram– дағы жазылушылар саны – 1116, (Салыстыру үшін, 2021 жылы жыл соңында жазылушылар саны 840 болды) 276-ке өсті.

Есеп беру кезеңінде желіде 42 тарихи жәдігер туралы ақпарат жарияланды, 13 құттықтау хаты жарияланды, 32 жаңалық -музейде, республикада, шет елде өткен іс – шаралар мен жаңалықтар жарияланды.

Әкімшілік және шаруашылық жұмыстар

Кәсіпорынның құрылымы және штаттық саны (штаттық және фактілік санының арақатынасы)

Лауазым тізілімі	Бірлік саны
Әкімшілік бөлімі	
Директор м.а	1
Директордың орынбасары	1
Бас есепші	1
Барлығы	3
Ғылыми-зерттеу бөлімі	
Бөлім бастығы	1
Жетекші ғылыми қызметкер	1
Ғылыми қызметкер	1
Кіші ғылыми қызметкер	1
Барлығы	4
Есеп және ғылыми қор жұмысы	
Бөлім бастығы	1
ж/д қор сақтаушы маман	1
ж/д маман-суретші экспозиционер	1
Музей қараушысы	1
Барлығы	4
«Берел» қорғандарын қорғау жұмыс және экскурсиялық қызмет бөлімі	
Бөлім бастығы	1
ж/д әдіскер	1
ж/д ағылшын тілді маман-экскурсия	1

жетекшісі	
о/д маман-экскурсия жетекшісі	1
Барлығы	4
Шілікті қорғандарын қорғау және экскурсиялық қызмет бөлімі	
Бөлім бастығы	1
Аға ғылыми қызметкер	1
ж/д маман-археолог	1
ж/д маман-экскурсия жетекшісі	1
Барлығы	4
Әкімшілік-шаруашылық бөлім	
Бөлім басшысы	1
Баспасөз хатшысы	1
ж/д бухгалтер	1
ж/д маман-мемлекеттік сатып алу менеджері	1
ж/д маман-заңгер	1
ж/д кадр жөніндегі инспектор	1
о/д маман-электроэнергетик	0,5
Кассир	1
Іс қағаз жүргізуші	0,5
Кеңсе тазалаушы	1
Кеңсе тазалаушы	1
Өндірістік және қызметтік үй жайларды тазалаушы	1
Көлік жүргізуші	1
Барлығы	12
Барлығы	31
Шығармашылық жұмыскерлер	
Мұражайда жұмыс өтілі 10 жылдан асқан	2
Жасы 40 жастан асқан	6
Орта білімділер	3
Жоғары білімділер	18
Қызмет көрсетушілер	3

2023– 2024 жылдарға қажетті мамандар:

Жұмыс ауқымының көбеюіне байланысты алдағы уақытта қорық-мұражайға қажетті мамандықтар:

1. **Шілікті қорғандарын қорғау және экскурсиялық қызмет бөліміне** ағылшын тілінде жүргізетін саяхат жетекшісі
2. Музей қараушысы
3. Аудармашы
4. Қорғандағы музейлендірілген аумаққа күзетшілер

Ғимарат туралы мәлімет:

1. **Әкімшілік ғимараты.**
Әкімшілік ғимаратында қызметкерлерге арналған жұмыс орны, археология, этнография залдары, қор сақтау мен ерекше қор бөлмесі, кітапхана және мәжіліс залдары орналасқан.
2. **Тұрғын үйлер.**

Екі тұрғын үйде қызметкерлерге арналған 12 орын бар, әр үйде 6 орыннан. Демалыс бөлме және асхана бар.

Меншіктегі автокөлік:

1. Toyota Camry (2007 ж)
2. Volkswagen Passat (2005 ж)
3. Hyundai H1 (2007 ж)

Түскен қаражат

Музей қаражаты (2021 жыл бойынша)	Жоспар	Орындалуы
Бюджеттен бөлінген қаражат	93 332,0 мың теңге	93 332,0 мың теңге
Ахеологиялық қазба жұмыстарына бөлінген қаражат	-	32 837,0 мың теңге
Музейдің өз қаражаты	1 905,0 мың теңге	2 277,0 мың теңге
Барлығы	95 237,0 мың теңге	128 446,0 мың теңге

2022-жылға қажет заттар:

№	Қажетті заттар тізімі	Мекеме атауы	Бағасы
1	Интерактивті стол 1 дана	Берел музейіне	2 489 500 тг
2	Интерактивті стол 1 дана	Шілікті бөліміне	1 111 900 тг
3	LED-экран 1 дана	Берел музейіне	1 500 000 тг
4	Фотоаппарат Nikon 1 дана	Шілікті бөліміне	390 000 тг
	Барлығы		5 491 400 тг